

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№2 мәжілісінің хаттамасы

18.10.2024 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*
3. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*
4. Әртүрлі мәселелер.

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*

Кафедра меңгерушілері сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша емтихан түріне ұсыныс беріліп, емтихан қабылдау түрлері анықталғандығын, соған байланысты аралық бақылау және емтихан сұрақтары дайындалғандығын мәлімдеді. Блум таксономиясы бойынша емтиханның тест сұрақтарының есте сақтау - 20%, түсіну - 30%, қолдану - 50% құрау керектігі ескертілді.

ШЕШІМ 1.: Кафедралардың қысқы сессия емтихандарына дайындық жұмыстарының деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін. Емтихан сұрақтары бекітілсін.

2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, факультеттің 2024-2025 оқу жылына арналған факультеттегі кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылауға ұсынды. Білім беру басқармасының ұйымдастыруымен зум платформасында «Медицина және биотехнологиялар» бойынша зертханалар мен клиникалық базалармен білім алушыларды таныстыру жұмыстары жүргізілгендігін баяндады.

ШЕШІМ 2.: Факультеттің 2024-2025 оқу жылына арналған факультеттегі кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспары назарға алынсын.

3. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлерді талқылауға ұсынды, кафедра меңгерушілері тыңдалды.

Факультеттен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» байқауына төменде көрсетілген ОПК ұсынылды:

№	ОПК толық аты жөні	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Туыл- ған жылы	Телефон нөмірі (ватсапқа тіркелген)
1	Нускабаева Гульназ Оразбековна	Арнайы клиникалық пәндер	м.ғ.к., қауымд.профессор	21 жыл	1977	+7705285 3131
2	Саржанов Фахриддин Нурмахамедович	Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер	PhD, қауымд.профессор м.а.	13 жыл	1987	+77056818787

Кеңес мүшелері ұсынылған үміткерлерді бірауыздан қолдады.

ШЕШІМ 3.: «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімі университеттің оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.Минтасова